

Бөкей ордасындағы билік жүйесі және Махамбет Өтемісұлы поэзиясындағы қарсылық идеясы

ЖАРИЯЛАНДЫ
15.02.2026

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/187224/>

Мамедова Минавар Валеханқызы

Алтынбекова Айзере Рысовна

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

Филология факультеті

6B01701 - «Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасы

Жетекші: **Бабашов Азат Мақсұтбекұлы**

Филология ғылымдарының кандидаты

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Бөкей Ордасындағы хандық билік жүйесінің сипаты мен оның Ресей империясының отарлық саясатына тәуелділігі қарастырылады. Сонымен қатар Махамбет Өтемісұлы поэзиясындағы ұлт-азаттық идея, әлеуметтік қарсылық пен реалистік сипат жан-жақты талданады. Ақын шығармалары тарихи дерек көзі ретінде бағаланып, хандық билік пен халықтық қозғалыс арасындағы қайшылықтар ашып көрсетіледі.

Түйін сөздер: Бөкей Ордасы, хандық билік, Ресей отаршылдығы, Махамбет Өтемісұлы, қарсылық поэзиясы, реализм.

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются особенности ханской системы власти в Букеевской Орде в первой половине XIX века и ее зависимость от колониальной политики Российской империи. Также всесторонне анализируются идеи национально-освободительной борьбы, социального протеста и реалистическое направление в поэзии Махамбета Утемисулы. Произведения поэта оцениваются как ценный исторический источник,

раскрывающий противоречия между ханской властью и народным **движением**.

Ключевые слова: Букеевская Орда, ханская власть, колониальная политика России, Махамбет Утемисулы, поэзия протеста, реализм.

ABSTRACT

This article examines the characteristics of the khanate system of governance in the Bukey Horde during the first half of the nineteenth century and its dependence on the colonial policy of the Russian Empire. In addition, the ideas of national liberation, social resistance, and realism in the poetry of Makhambet Utemisuly are comprehensively analyzed. The poet's works are considered as valuable historical sources that reveal the contradictions between the khanate authority and the popular movement.

Keywords: Bukey Horde, khanate authority, Russian colonial policy, Makhambet Utemisuly, protest poetry, realism.

XIX ғасырдағы қазақ қоғамы күрделі тарихи-әлеуметтік өзгерістерді бастан кешірді. Бұл кезең Ресей империясының отарлау саясатының күшеюімен, дәстүрлі хандық басқару жүйесінің әлсіреуімен, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының күрт нашарлауымен сипатталады. Осындай тарихи жағдайда Бөкей Ордасы құрылып, хандық билікті сақтап қалуға ұмтылғанымен, іс жүзінде патшалық Ресейге тәуелді аймаққа айналды.

Отарлық қысымның күшеюі халық наразылығын туғызып, ұлт-азаттық қозғалыстардың пайда болуына негіз болды. Сол қозғалыстардың рухани жетекшісі әрі шежірешісі болған тұлғалардың бірі – Махамбет Өтемісұлы. Оның поэзиясы заман шындығын реалистік тұрғыда бейнелеп, халықтың азаттыққа деген ұмтылысын көркем тілмен жеткізді.

Бөкей Ордасы XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресей империясының тікелей ықпалымен құрылды. Хандық билік формалды түрде сақталғанымен, оның ішкі және сыртқы саясаты патша үкіметінің бақылауында болды.

Бөкей мен Жәңгір хандардың жеке меншігінде кең көлемді жерлер болды. Алайда жерді пайдалану мәселесінде халықтың мүддесі ескерілмей, жер тапшылығы күшейе түсті. Патша үкіметінің жер саясаты көшпелі шаруашылықты күйретіп, қазақтардың ата қонысынан ығысуына әкелді.

Хандық биліктің негізгі қаржы көзі – халықтан жиналатын салықтар болды. Бұл салықтар халықтың тұрмысын ауырлатып, әлеуметтік теңсіздікті күшейтті. Жәңгір хан реформалар жүргізуге, мектеп, мешіт, медициналық пункттер ашуға тырысқанымен, бұл шаралар жалпы халықтың жағдайын түбегейлі жақсарта алмады.

Бөкей Ордасының хандары Ресей патшасына адалдық танытып, марапаттар мен атақтар алды. Бірақ бұл тәуелділік хандық биліктің беделін әлсіретіп, халық пен хан арасындағы сенімсіздікті күшейтті. 1845 жылдан кейін хандық биліктің жойылуы – отарлық саясаттың заңды нәтижесі болды.

Махамбет Өтемісұлы – Исатай Тайманұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің рухани көсемі. Оның поэзиясы тек көркем туынды ғана емес, сол кезеңнің тарихи шындығын бейнелейтін құнды дерек көзі.

Махамбет өлеңдерінде халықты отарлық езгіден босатуға деген ұмтылыс айқын көрінеді. Ол жер үшін, елдік пен еркіндік үшін күресті басты мақсат етіп қояды. Ақын халықты бірлікке, батырлыққа, күреске шақырады.

Ақын хан-сұлтандардың, патша әкімшілігінің зорлық-зомбылығын ашық сынайды. Оның өлеңдерінде әлеуметтік теңсіздік, алым-салықтың ауыртпалығы, жерден айрылу мәселесі өткір көтеріледі.

Махамбеттің шығармалары көтеріліс күндерінің рухани күнделігі іспетті. Ол нақты тарихи оқиғаларды, шайқастарды, халықтың күйзелісін бейнелейді. Поэзия – күрестің идеологиялық қаруына айналады. Махамбет – қазақ әдебиетіндегі реализм бағытының көрнекті өкілі. Оның шығармалары өмір шындығына негізделген.

Ақын отарлық езгінің шынайы келбетін бүкпесіз көрсетеді. «Сорыс», «Пыр-пырлай ұшқан қасқалдақ», «Аспандағы бозторғай» сияқты өлеңдерінде халықтың қайғысы мен арманын терең суреттейді.

Махамбет өлеңдері нақты тарихи тұлғалар мен оқиғаларға негізделген. Бұл оның шығармаларын әдеби мұра ғана емес, тарихи құжат дәрежесіне көтереді.

Ақын поэзиясында романтикалық серпін мен реалистік шындық қатар өріледі. Бұл ерекшелік оның шығармаларына күшті эмоциялық әсер береді.

Бөкей Ордасындағы хандық биліктің әлсіздігі мен отарлық тәуелділік Махамбет поэзиясындағы қарсылық идеясын туғызды. Хандық жүйе халық мүддесін толық қорғай алмағандықтан, ақын халық атынан сөйледі. Оның поэзиясы – билікке қарсы қоғамдық пікірдің көркем көрінісі.

Махамбет Өтемісұлы поэзиясындағы қарсылық идеясы — хан-сұлтандардың озбырлығына, әлеуметтік теңсіздікке және отаршылдыққа бағытталған ерлік рухы. Ақын жырларында елдік пен бостандық үшін күрес, Исатай Тайманұлының ерлігін жырлау, әділетсіздікті аяусыз сынға алу («Мен едім» өлеңі) негізгі өзегі. Ол өз шығармаларында батырлықты, қайсарлықты ұран етіп, халықты азаттыққа шақырды.

Әлеуметтік-саяси қарсылық: Махамбет хан-сұлтандардың халықты езгенін, әділетсіздік жасағанын ашық айыптап, «хан-қарашы» қақтығысын шығармашылығының

өзегі етті.

Тәуелсіздік рухы: Ақын жырларында елдік пен бостандық идеясы жоғары тұрады, ол — тәуелсіздіктің алғашқы жыршыларының бірі. Ерлік пен батырлықты дәріптеу: Исатай Тайманұлының бейнесін сомдау арқылы халықты ерлікке, қарсылық күреске шақырды.

«Мен» концепциясы: Өлеңдерінде ақын өз тұлғасын ел қорғаны, «көкке атылған найзадай» қайсар ер ретінде суреттеп, күрескерлік болмысын көрсетеді. Махамбет шығармашылығы — қазақ халқының бостандық жолындағы күресінің символы.

Ел теңдігі мен азаттығы үшін «егеулі найза қолға алып, еңку-еңку жер шалған» халқымыздың ардагер ұлдарының бірі – Махамбет Өтемісов. Ақын шығармашылығы туралы көптеген зерттеулер жазылды. Ел қамы үшін толарсақтан саз кешкен жалынды ақынның соңғы жылдары табылған семсердей өткір жырлары да жарық көрді.

Ақын мұрасына салиқалы пікір айтып жүрген әдебиетші Берқайыр Аманшин Махамбеттің 1839 жылы көзі тірісінде өз қолымен жазып қалдырған хатын «Жазушы» баспасынан 1979 жылы шыққан «Жыр – семсер» атты жинағында жариялады. Дегенмен, Махамбет Өтемісов шығармашылығын зерттеушілер ақын өмірінің кей кезеңдері, әсіресе 1841–1846 жылдар аралығындағы ғұмыры жайлы мәліметтердің аздығына қынжылыс білдіреді.

Махамбет өлерінен бір жыл бұрын, 1845 жылы Орынбор Шекаралық комиссиясына келіп, баласы Нұрсұлтанды Орынбордағы кадет корпусына қабылдауды өтініп арыз жазған. Ақынның осы арызының фотокөшірмесін Берқайыр Аманшин 1956 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде, ал Х. Сүйіншәлиев «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» атты кітабында жариялаған. Алайда екі автор да Махамбеттің өз қолымен жазған түпнұсқа мәтінді толық бермеген.

Исатай-Махамбет көтерілісін зерттеген тарихшы В. Шахматов 1941 жылы «Литература и искусство Казахстана» журналында ақын арызының қысқаша орысша аудармасын ұсынған. Бірақ 120-ға жуық сөзден тұратын құжаттың шамамен 40 сөзі түсіп қалған.

Қазақ мемлекеттік Орталық музейінің ғылыми қызметкері А. Жүсіпов те 1957 жылы «Ленинская смена» газетінде жарияланған мақаласында Махамбеттің баласы Нұрсұлтанды Орынборға апарғанын айта отырып, арыз мәтінін өте қысқаша мазмұндаған. Негізінде, Махамбет Нұрсұлтанды жай мектепке емес, Омбыдағы Шоқан Уәлиханов оқыған кадет корпусы секілді Орынбордағы әскери училищеге қабылдауды өтінген. Бұл оқу орны Ресейден қоныс аударғандар мен жергілікті үстем тап өкілдерінің балаларын оқытуға арналған еді.

Ақынның бұл әрекеті – оның болашаққа деген сенімін, ұлының білім алып, елге қызмет етуін қалаған әкелік арманының көрінісі. Алайда тағдыр Махамбеттің бұл арманын

жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді.

Махамбетті көбіне батыр, көтерілісші, отты жырдың иесі ретінде танимыз. Ал оның әкелік мейірімі мен ұрпағының болашағын ойлаған парасатты тұлғасын зерттеу – бүгінгі ұрпақтың міндеті. Ақынның орындалмай қалған осы бір арманы оның күрескерлік бейнесін толықтыра түседі.

Қай халықтың да қадір тұтары – өзінің сөзін сөйлеп, кегін қуар ақыны мен батыры. Екеуі де халықтың бойынан табылар сарқылмас жігер мен шабыттың, сана мен сабырдың, тәуекел мен арманның түлегі. Олар жұртын елдікке бастап, ерен ерлік пен кемел кісіліктің үлгісін көрсетеді. Осындай қос қасиет бір бойынан табылған қазақ елінің асылы – ақберен ақын, батыр Махамбет Өтемісұлы.

Азаттық үшін алысқан, елі үшін егескен Махамбеттің қазақ әдебиетіндегі орны ерекше. Оның рухты жырлары ақынның аруақты ер екенін айқын дәлелдейді. Тарихшы Тілекқабыл Боранғалиұлы: «Қазақ жырының ой-санасы – Абай, ар-намысы – Махамбет. Абайдың ғибратымен, Махамбеттің жігерімен еңсе тіктеген әлеуетпіз. Бірі – рухани ұстазымыз, бірі – рухты ұранымыз», – деп бағалауы бекер емес.

Махамбет – жалынды ақын ғана емес, намысшыл, ержүрек жауынгер. Ол қысқа ғұмырын халқына арнап, еркіндік пен әділеттілік идеясын ту етіп көтерді. Найза ұшы мен қалам қуатын қатар ұстаған ақын көшпелілер өркениетінің соңғы асқақ үніндей тарихта қалды. Оның поэзиясы – көне түркі жазбаларынан басталып, Қорқыт, Асанқайғы, Шалкиіз, Қазтуған, Ақтамберді арқылы жалғасқан жорық жыраулары дәстүрінің заңды жалғасы.

Исатай Тайманұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісте Махамбет маңызды рөл атқарды. Оның өлеңдері халықты хан-сұлтандар мен патша өкіметінің езгісіне қарсы күреске шақырды. Ақын шығармалары – бұқара өмірінің рухани шежіресі, көтеріліс шындығының көркем айнасы. «Ереуіл атқа ер салмай», «Мұнар күн», «Тарланым», «Соғыс», «Атадан туған ардақты ер», «Қара нар керек біздің бұл іске» сынды жырларында ел тағдыры, азаттық рухы, әділдік жолындағы күрес терең бейнеленген.

Махамбет поэзиясының басты қаһарманы – Исатай батыр. «Исатай деген ағам бар», «Арғымаққа оқ тиді», «Тарланым» өлеңдерінде батырдың қайсарлығы, адамгершілігі, ерлігі көркем суреттеледі. Ақын үшін ел басына күн туған шақта «егеулі найза қолға алу» – азаматтық борыш.

Әбіш Кекілбаев «Шандоз» еңбегінде Махамбетті «табиғаттан қалаған уақытында табыла бермейтін сирек құбылыс» деп бағалады. Расында, Махамбет – ерлік пен өрліктің символы. Оның жырлары философиялық тереңдігімен, психологиялық дәлдігімен ерекшеленеді. Ақын шығармаларында теңдік пен бостандық идеясы асқақ рухпен өріліп отырады.

Махамбет мұрасы – бүгінгі тәуелсіз ел үшін де аса маңызды. Егемендікке қол жеткізген халқымыз үшін ендігі міндет – ақын аңсаған азат ой биігіне көтерілу, әділетті, демократиялық қоғам құру. Өйткені рухы әлсіреген елдің болашағы бұлыңғыр. Ал Махамбет жырлары – ұлттық рухты тірілтетін қуат көзі.

Махамбет – ғасырдан-ғасырға жалғасатын, уақыт өткен сайын алмас қылыштай жарқырай түсетін тұлға. Оның батырлығы мен ақындығын, күйшілігі мен күрескерлігін жас ұрпақтың санасына сіңіру – біздің парызымыз. Елінің ертеңі үшін жанын қиған баба рухына тағзым ету – тәуелсіз ұрпақтың қасиетті борышы.

Қорыта айтқанда, Бөкей Ордасындағы билік жүйесі Ресей империясының отарлау саясатының ықпалында болды. Бұл жағдай халықтың әлеуметтік жағдайын нашарлатып, ұлт-азаттық қозғалыстарға негіз қалады. Махамбет Өтемісұлы осы қозғалыстың рухани жетекшісі ретінде поэзия арқылы заман шындығын шынайы бейнеледі.

Махамбет – халық бақыты мен ел мүддесі үшін күрескен, реалист ақын. Оның шығармалары қазақ халқының азаттық жолындағы күресінің көркем шежіресі болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. *Марданов А. Бөкей ордасы және Махамбет Өтемісұлы // Атырау облыстық қоғамдық-саяси газеті. – 2002. – №129-130 (17962). – 14 қыркүйек.*
2. *Махамбет поэзиясындағы ерлік пен елдік рухы және қазіргі дәуір. – Алматы: Қазақ университеті, 2003.*
3. *Махамбет және Бөкей ордасы // Хабаршы. Филология сериясы. – №6 (68).*
4. *Махамбет Өтемісұлының өмірі мен қызметі туралы қысқаша очерк*
5. *Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия-Алматы: «Арыс» баспасы 2002 ж.*
6. *Қадыр Жүсіп. Махамбеттану мәселелері. Алматы. Асем-систем. 2003 ж.*
7. *Майтанов Б. Махамбеттің автопортреті //Қазақ әдебиеті. -12.09. 2003*

КМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.